



Шымкент қаласы «№ 136 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының биология және химия пәндері әдістемелік бірлестігінің 13.01.25 - 24.01.25 күндері аралығында өтетін он күндік жоспары

Тақырыбы: «Табиғат заңдылықтарын зерттеуде химия мен биологияның рөлі»

Мақсаты: Оқушылардың білімін тереңдету. Оқушылардың химия және биология пәндерінен алған теориялық білімін тәжірибелік тұрғыда қолдануға мүмкіндік беру. Мұғалімдердің кәсіби тәжірибе алмасуы, әріптестер арасында жаңа педагогикалық әдіс-тәсілдерді бөлісу, тиімді оқыту әдістемелерін көрсету. Инновациялық технологияларды қолдану, заманауи құралдар мен әдістерді сабақ барысында көрсету арқылы оқыту үдерісін жетілдіру. Тәрбиелік мақсатта табиғатқа деген сүйіспеншілік пен құрмет сезімін арттыру, экологиялық сананы дамыту. Педагогикалық шеберлікті арттыру, мұғалімдердің сабақты ұйымдастыру шеберлігін көрсету және жетілдіру.

Іс – шара мен ашық сабақтар

№	Сабақтың тақырыбы	Пәні	Сынып	Мерзімі	Уақыты	Пән мұғалімі
1	Хлорсутек қышқылы	Химия	9 В	17.01.25	2 сабақ 8.50–9.35 307 каб	Зияметова Н.
2	Өлі табиғаттағы үдерістер. Таулардың түзілуі.	Жаратылыстану	5 В	17.01.25	4 сабақ 16.15-17.00 325 каб	Турапова Г.
3	Электролиз	Химия	10 Г	20.01.25	2 сабақ 8.50–9.35 305 каб	Оралбекова К.
4	Табиғи қышқылдар мен негіздер. Индикаторлар.	Химия	7 Ә	20.01.25	3 сабақ 15.30-16.15 305 каб	Әнуарбек М.
5	Тері аурулары және гигиенасы	Биология	8 А	22.01.25	3 сабақ 9.45-10.30 325 каб	Полатова Г.
6	Сүйектердің байланысу типтері	Биология	8 Ғ	23.01.25	2 сабақ 8.50–9.35 325 каб	Кеңесбекова Б
7	Қартаю. Қартаю үрдісі туралы теориялар.	Биология	10 А	24.01.24	5 сабақ 11.45-12.30 325 каб	Алимбаева Г.
8	Адам қаңқасының құрылысы. Тірек – қимыл жүйесінің маңызы мен қызметі	Биология	8 Ж	24.01.25	7 сабақ 13.05-13.50 325 каб	Абделі А.
9	Он күндіктің жабылуы	ӘБ	7	24.01.25	12.00	ӘБ мұғалімдері

ӘБ жетекшісі

 К.Т.Оралбекова

Шымкент қаласы «№ 136 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының биология және химия пәндері әдістемелік бірлестігінің 13.01.25 - 24.01.25 күндері аралығында өткен он күндік анықтамасы.

Мектепшілік жоспарға сәйкес 2025 жылғы № бұйрығы бойынша он күндік «Табиғат заңдылықтарын зерттеуде химия мен биологияның рөлі» тақырыбында жоспар жасалынып, бекітілді. Апталық барысында химия және биология пәндері мұғалімдері ашық сабақтар мен сыныптан тыс жұмыстар өткізді. Ал ашық сабақтар өз ретімен өтілді. Сыныптан тыс іс-шараларды жинақтап онкүндіктің жабылуы өз дәрежесінде өткізілді.

17.01.25ж Зияметова Нұрзия 9 «В» сыныбымен «Хлорсутек қышқылы. №10 зертханалық тәжірибе «Хлорсутек ерітіндісінің химиялық қасиеттерін зерттеу» тақырыбында ашық сабақ өтті. «Менің бүгінгі көңіл-күйім» эмоциясы жоқ бейтарап бет-әлпет суреті бар парақ тараптылады, ол жерге өз көңіл күйлерін салады. Оқушылардың сабаққа дайын екені көрінді. «Киіз үй әдісімен топқа бөлді. Оқушылар Wordwall сайтында <https://wordwall.net/ru/resource/45363611> «Ой шақыру» тәсілі арқылы жауап береді, өткен тақырып бойынша білімдерін еске түсірді. Жаңа сабақты түсіндірді. Түсіндіру барысында оқушылар қажетті ақпаратты дәптерлерінде жазды. Жұптық жұмыс «Кубик рубик» әдісімен оқушылар хлорсутегінің химиялық қасиеттерін сипаттайтын реакция теңдеулерін дәптерлеріне жазды. «Хлорсутек ерітіндісінің химиялық қасиеттерін зерттеу» жұмысын орындады. Нәтижесіне оқушылар қорытынды жасады. Сабақты бекіту «Асық» әдісі арқылы тапсырма орындау арқылы өтті. «Диалог және қолдау көрсету», «Тапсырма», «Жіктеу». Саралау тапсырмаларды іріктеуді, белгілі бір оқушыдан күтілетін нәтижені, оқушыға жеке қолдау көрсетті, оқу материалы мен ресурстарды оқушылардың жеке қабілеттерін ескере отырып әзірлеуді мұғалім толық қамтыған. Сабақ өте жақсы деп бағаланды.

Турапова Гүлзира жаратылыстану пәнінен 5 «В» сыныбымен «Өлі табиғаттағы үдерістер» тақырыбында 17.01.25 күні өтті. Оқушыларды Random group generator платформасы арқылы 3 топқа біріктірді. Алдыңғы білімді өзектендіру мақсатында «Wordwall» платформасы арқылы тапсырма орындады. Жаңа сабақты мұғалім слайдты қолдана отырып ақпарат берді. https://youtu.be/GFgitAR1Z6Q?si=eaoNSAZCvAnbkt_W видео көрсетілді. Слайдта берілген мәліметтерді тыңдап, қойылған сұрақтарға жауап берді. Мұғалім зертханалық жұмыс жасады. Оқушылар қорытынды айтты. Топтық жұмыс - Постер қорғаумен, «Жұбын тап» әдісімен жаңа тақырыпқа байланысты топтастыру тапсырмасын орындады. «Биологиялық диктант» әдісі қолданып, дәптерге мәліметтер енгізді. <https://www.tarsia.com/quizzes/qndqrjx1nlydjnddez> сабақ қорытыланды. Сабақ жақсы деп бағаланды.

20.01.25ж Оралбекова Калида «Электролиз» тақырыбында 10 «Г» сыныбымен ашық сабақ өтті. Сабақ басында сынып ережесін еске түсірді. Жаңа сабақты мәтінмен танысып, тірек сөздерді дәптерге жазды және видео көру арқылы жалғастырды. Мұғалімнің түсіндірме жұмысы да болды. Сыныпқа сызбанұсқаны, суретті түсіндір деген тапсырмалар берілді. Оқушылар ауызша жауаптар берді. <https://learningapps.org/watch?v=piafvr1i325> сайтында да тапсырма орындалды. Миллионер ойыны арқылы бекітілді. Рефлексия «Бес бармақ» әдісімен өтті. Сабақ жақсы деп бағаланды.

22.01.25ж Полатова Гаухар 8 «А» сыныбымен биология пәнінен «Тері аурулары және гигиенасы» тақырыбында ашық сабақ өтті. Оқушылар «Жүректен жүрекке» әдісі арқылы сыныпта жағымды ахуал орнатады. Оқушылар «стикер» түсі бойынша топтарға бірікті.

Цифрлық платформа <https://wordwall.net/resource/60956530> арқылы өткен тақырыптар бойынша білімдерін еске түсіреді. Мадақтау арқылы бағаланады. «Стоп кадр» әдісі арқылы жаңа сабақты байланыстыру мақсатында ой қозғау сұрақтарын қойды, ұжымдық талқылау жүргізді, сабақтың тақырыбы мен оқу мақсаты ашылды. Оқушылар жаңа сабақты тусініп, дәптерлеріне жазды. Топтық жұмысты ұйымдастырды. «Абайлаңыз, қышыма!», «Теміреткі саңырауқұлақ аурулары», «Теміреткі түрлері», «Жасөспірім және оның проблемалары» тақырыпшаларға бөліп, оқушылар мұғалімнің бағыт беруімен топта талқылау жасап, жұмыс жасады. Кесте толтырып, тест орындап тапсырмалар да қамтылды. «Басбармақ», «СМС» әдісі арқылы кері байланыс жасалынып отырды. Сабақ жақсы деп бағаланды.

20.01.25ж Әнуарбек Маржан 7 «Ә» сыныбымен химия пәнінен «Табиғи қышқылдар мен негіздер. Индикаторлар. №7 зертханалық тәжірибе «Ерітінділердің қышқылдық, сілтілік ортасын анықтау» тақырыбында ашық сабақ өтті. «Екі қолым» әдісімен сабақты бастады. Әр оқушы фигураларды кеңістікте жеке-жеке оң және сол қолымен сосын бірге фигура кескінін салады. Бұл балалардың нейрондарының жұмыс істеу қабілеттерін арттырды. Топқабөлу. Стикерлерге 1,2,3 сандарын жазып, солбойынша 3 топқа бөлінеді. Топтар Лакмус, Метиоланж, Фенофталин деп атап сабақтың тақырыбын ашты. Қауіпсіздік ережелерін белгілері арқылы қышқылдармен, негіздермен қалай жұмыс жасау керектігі еске түсіріп өтті. Оқушылар classroomscreen АКТ бойынша сабақты кімнен сұраймын «Ой шақыру» тәсілі арқылы жауап береді, өткен тақырып бойынша білімдерін еске түсірді. Жаңа сабақты түсіндірді, сабақ барысында оқушылар қажетті ақпаратты дәптерлеріне жазды. Қышқылдар мен сілтілер жайлы мәліметтер келтіріңіз, қышқыл атауы мен формуласын біріктіру тапсырмаларын топпен орындады. «Қызықты химия» тапсырмасында әр топқа белгісіз 1,2,3 санымен номерленген қышқыл, сілті, бейтарап орта ерітінділері беріледі. Индикатор әсерінен түс өзгерісін анықтап, қай ыдыста қандай ерітінді бар екенін анықтады. Сұрақ – жауап әдісімен бекітті. Рефлексия жүргізуде оқушылар өз бағасын берді, әр оқушы сәйкес зертханалық құтыларды тандап, тақтадағы сәттілік жолына жабыстырады. Сабақ өте жақсы деп бағаланды.

22.01.25ж Абделі Айдана 8 «Ж» сыныбымен биология пәнінен «Тірек – қимыл жүйесінің маңызы мен қызметі» тақырыбында ашық сабақ өтті. Оқушылар шеңберге тұрып «Шоколад» тәсілі арқылы сыныпта топқа бөлінді. Кез-келген шоколадтты тандау арқылы топқа бөлініп, топ атауы шығарды. Оқушылар «Алғыр топ» тәсілі арқылы сұрақтарға жауап берді, өткен тақырып бойынша білімдерін еске түсірді. «Асық» әдісі арқылы бағаланды. Оқушыларды сергіту және тақырыпты ашу мақсатында Қара жорға биін билетті. Жұмбақ жасырып сабақ тақырыбын анықтады. Оқушыларға оқулықтағы жаңа тақырыпты макетпен түсіндірді. Бейнеролик көрсетті. Оқушыларға «Deal» әдісі арқылы топтық жұмыс берді. Тапсырма «d-id» әдісі арқылы https://studio.d-id.com/share?id=a7b4df1a1dbb3eed86dcfc7eea2c915b&utm_source=copy, «wordwall» әдісі арқылы <https://wordwall.net/ru/resource/27370360> сайттарында орындады. Қызықты ақпараттармен таныстырды. Рефлексия «Бес бармақ» әдісі арқылы жасалды. Сабақ өте жақсы деп бағаланды.

23.01.25ж Кеңесбекова Балнұр «Сүйектердің байланысу типтері» тақырыбында 8 «F» сыныбында ашық сабақ өтті. «Кубик» тәсілі арқылы сыныпта жағымды ахуал орнатты және «Сүйектің» суреті бойынша топтарға бірігеді. «Конверттегі сұрақтар» әдісі арқылы үй жұмысы сұралды. «Суреттерді сөйлет» әдісі арқылы жаңа сабақты байланыстыру мақсатында ой қозғау сұрақтарын қойды, ұжымдық талқылау жүргізді. Мұғалім жаңа тақырып бойынша қысқаша ақпарат береді. «Кинометафора» тәсілі арқылы бейнеролик көрді және мұғалім жаңа тақырып бойынша қысқаша ақпарат берді. Тапсырмаларды «Еркін әңгіме» әдісі, «Сүйектерді сипатта», «Сәйкестендіру» әдісі арқылы орындады. Жұптық жұмыс «Шындық/Жалған»

болды. «Learningapps» платформасында тапсырма орындап сабақ бекітілді. Рефлексия «Тазалық» әдісі арқылы кері байланыс жасалынды. Сабақ өте жақсы деп бағаланды.

24.01.25ж Алимбаева Гулбану «Қартаю. Қартаю үрдісі туралы теориялар.» тақырыбында 10 «А» сыныбымен ашық сабақ өтті. «Киіз үй» әдісімен сыныпты топқа бөлді. Үй тапсырмасын сұрау «Бинго» тәсілі сұрақ- жауап ойынымен өтілді. Бейнекөрсетіліммен жаңа сабақты түсіндіру, оқулықты оқып танысты. Тірек сөздермен танысып, өз дәптерлеріне жазып алды. «Жарнама» әдісі. оқушылар оқулықтағы және мұғалім берген қосымша мәліметтерді пайдалана отырып, топта оқып, талдап берілген тапсырманы дискрипторына сай жарнамалады. Жұптық жұмыс «Сөйлемдерді толықтыру», Үлгерімі төмен оқушыға тапсырма. Биологиялық диктант әдістермен тапсырмалар орындалды. Диагноз қоя білеміз бе?» ойыны қызықты өтті. Жеке жұмыс WORDwall тапсырмалары - Викториналық сұрақтар <https://wordwall.net/ru/resource> ойнады. Кері байланыста «Қоржын» әдісі ақылы кері байланыс жасалынды. Сабақ өте жақсы деп бағаланды.

Он күндіктің жабылуы акт залында үлкен мерекелік шара етіп өтілді. Оған 7 сынып оқушылары қатысты. Топтық жарыс әдісімен өтті. Оның бөлімдері:Топтың таныстыруы, “Ғылыммен өмірдің мәні бар, өнермен өмірдің сәні бар” - өнер көрсету. Жануарлар әлемі, химия өмірде - сұрақ-жауап, “Қимыл көптеген дәрінің орнын басуы мүмкін, бірақ бірде-бір дәрі қимылдың орнын баса алмайды”. Ибн Сина / Авиценна / айтқандай оқушының көзін жұмып, бір орнында теңдікті қалай сақтайтынын тексеру. “Естісең – ұмытасың, көрсең – есте сақтайсың, істесең – түсінесің”. Видео көрсетілімді қайталап істеп көр. Жарысты әділ қазылар бағалады. Жеңімпаз топты марапаттау рәсімі өтті. ӘБ мұғалімдері толық жұмылдырылды. Оқушылардың білімін тереңдету, оқушылардың химия және биология пәндерінен алған теориялық білімін тәжірибелік тұрғыда қолдануға мүмкіндік берілді. Мұғалімдердің кәсіби тәжірибе алмасуы, әріптестер арасында жаңа педагогикалық әдіс-тәсілдерді бөлісу, тиімді оқыту әдістемелерін көрсету жүргізілді. Инновациялық технологияларды қолданып, заманауи құралдар мен әдістерді сабақ барысында көрсету арқылы оқыту үдерісін жетілдірді.